

## Ғылыми дәрежелер беру ережелерін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы N 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 29 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2141. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 (қолданысқа енгізілу тәртібін 1-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

Жоғары білікті кадрларды аттестаттаудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында **бұйрырамын:**

1. Қоса беріліп отырган Ғылыми дәрежелер беру ережелері бекітілсін.
2. Жоғары аттестациялық комитет (Құсайынов А.Қ.) жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогтік кадрларды аттестаттау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық құжаттарын осы бұйрыққа сәйкес келтірсін.
3. Құқықтық қамтамасыз ету және аудит басқармасы (Күзембаев М.М.) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге тапсырын.
4. Осы бұйрық 2003 жылғы 1 наурыздан қолданысқа енгізіледі.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрі міндетін атқарушының 2001 жылғы 4 маусымдағы "Ғылыми дәрежелер беру ережелерін бекіту туралы" N 422 бұйрығы күшін жойды деп саналсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бірінші вице-министр F.M.Мұтановқа жүктелсін.

**Министр**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым Министрінің  
2003 жылғы 10 қаңтардағы  
N 16 бұйрығымен бекітілген

## **ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕЛЕР БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРИ**

**Ескерту: Барлық мәтіндегі "ЖАК" сөзі тиісті септікте "Комитет" сөзімен ауыстырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 234 бұйрығымен.**

## **1. Жалпы қағидалар**

1. Осы Ережелер ғылыми және ғылыми-педагогтік кадрлардың біліктілігін бағалаудың құқықтық негіздерін және ғылыми дәреже алу үшін ұсынылған диссертациялар жауап беруге тиісті критерийлерді анықтайды.

2. Ғылымның әр саласы бойынша ғылыми дәрежелер беру жөніндегі біртұтас мемлекеттік саясатты мемлекеттік аттестаттау органы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті (бұдан әрі - Комитет) қамтамасыз етеді.

**Ескерту: 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 12 сәуірдегі № 234 бұйрығымен.**

3. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011.03.31 № 127 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011.03.31 № 127 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5. Ғылыми кадрларды аттестаттау жүйесі органдарының жұмысына қатысушы (диссертациялық кеңестердің, сараптау кеңестерінің, Комитет Алқасының, Тәралқасының мүшелері) Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі болуы көрек.

6. Осы Ережелерде қаралмаған, ерекше жағдайларды ескеруді талап ететін мәселелерді өз құзырының шегінде, олардың Комитеттің Тәралқасында қаралуын еске ре отырып Комитет шешеді.

Осы Ережелермен реттелмеген даулар, оның ішінде ғылыми дәрежелерден айыру (қалпына келтіру) мәселелері жөніндегі, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында қарастырылған тәртіппен шешіледі.

7. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011.03.31 № 127 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

## **2. Диссертацияларға және ізденушілерге қойылатын талаптар**

8. Ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған диссертация ізденуші тиісті ғылым саласының нақты мамандығы бойынша өз бетінше дайындаған қолжазба түріндегі білікті ғылыми жұмыс болуы және төмендегі талаптардың біріне жауап беруі қажет:

ірі ғылыми мәселені шешетін жаңа ғылыми негізделген нәтижелердің болуы; пайдаланылуы ірі қолданбалы мәселені шешуді қамтамасыз ететін жаңа ғылыми негізделген нәтижелердің болуы;

жынтығы нақты ғылыми бағыттардың дамуындағы ірі жетістік болып табылатын жаңа ғылыми негізделген теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелердің болуы.

9. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған диссертация ізденуші тиісті ғылым саласының нақты мамандығы бойынша өз бетінше немесе ғылым докторының (ғылым кандидатының) ғылыми жетекшілігімен дайындаған қолжазба түріндегі білікті ғылыми жұмыс болуы және төмендегі талаптардың

бірінеше жауап баруі қажет:

маңызды ғылыми мәселені шешетін жаңа ғылыми негізделген нәтижелердің болуы;

пайдаланылуы маңызды қолданбалы мәселені шешуді қамтамасыз ететін жаңа ғылыми негізделген нәтижелердің болуы;

жынтығы нақты ғылыми бағыттардың дамуы үшін маңызды мәнге ие жаңа ғылыми негізделген теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелердің болуы.

10. Диссертация ізденушінің өзі жазған, автордың көпшілік алдында қорғауға ұсынатын жаңа ғылыми нәтижелері мен қағидаларының жынтығынан тұратын, ішкі бірлігі сақталған және автордың ғылымға қосқан жеке үлесін танытатын жұмыс болуы керек. Автор ұсынған жаңа шешімдер қатаң турде дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырғанда сынни тұрғыдан бағалануы тиіс.

Қолданбалы мәні бар диссертацияда авторлық қуәліктермен, патенттермен және басқа ресми құжаттармен расталған автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің практикада қолданылуы туралы мәліметтер келтірілуі, ал теориялық мәнге ие диссертацияда оның ғылыми нәтижелерін пайдалану жайында ұсыныстар болуы керек.

Диссертация мемлекеттік немесе орыс тілінде жазылады.

Диссертацияның ресімделуі Комитет белгілеген талаптарға сәйкес болуы қажет.

11. Диссертацияның негізгі мазмұны ғылыми, ғылыми-талдау және ғылыми-практикалық журналдарда, жинақтар мен басылымдарда жариялануы тиіс. Автор жариялаған жұмыстардағы диссертация материалдарының баяндалуының толықтығын диссертациялық кеңес анықтайды, ол бұл ретте төмендегі көрсеткіштерді басшылыққа алуы тиіс:

1) кандидаттық диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері тізбесін Комитет бекітетін басылымдардағы кем дегенде 3 мақалада және ғылыми конференциялар материалдарындағы 3 жұмыста (баяндамалар, баяндамалардың тезистері) жариялануы көрек;

2) докторлық диссертацияның негізгі нәтижелері кемінде 30 ғылыми еңбекте, оның ішінде 10 жеке, 3 шет елдік ғылыми басылымдарда және 10 Комитет

бекіткен Тізбедегі басылымдарда (кемінде бес түрлі тақырыптағы) жариялануы тиіс. Диссертацияның негізгі нәтижелерін жариялауға арналған ғылыми басылымдардың тізбесіне енгізуге арналған басылымдарға қойылатын талаптарды Комитет белгілейді.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007.10.17. N 485 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

12. Диссертация жазу үстінде ізденуші материалдарын немесе жекелеген нәтижелерін пайдаланған авторлар мен дерек көздеріне сілтеме жасауға міндettі.

Ізденуші диссертациясында өзге авторлармен ұжымдық бірлікте жазылған ғылыми еңбектердегі ойлар мен ізденістерді пайдаланған жағдайда оны диссертациясында атап өтуге міндettі.

Сондай-ақ, аталған сілтемелер ізденушінің телавторлармен бірлесіп орындаған ғылыми жұмыстары секілді жеке өзінікіне қатысты да жасалуы тиіс.

Ізденуші авторы мен алынған дерек көзін көрсетпей бөтен материалды пайдаланған жағдайда диссертация талқылануының қай кезеңінде екеніне қарамастан, қайта қорғау және апелляция беру құқығынсыз, қараудан алынып тасталады.

13. Диссертациясын ұсынғанға дейін диссертациялық кеңеске ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін ізденуші ғылым тарихы мен философиясы (салалары бойынша), қазақ тілі, шет тілі, арнаулы пән (мамандығы) бойынша кандидаттық емтихандар тапсыруы тиіс.

Орындастын диссертациясының бағытына сай келмейтін жоғары кәсіптік білімі бар ізденуші тиісті ғылым саласының (немесе мамандықтар тобының) негізгі мазмұнын қамтитын жалпы курсы бойынша қосымша кандидаттық емтихан тапсыруы көрек.

Жалпығылыми пәндер, жалпы курс бойынша кандидаттық емтихандар бағдарламаларын және арнаулы пәндер бойынша кандидаттық емтихандардың типтік бағдарламаларын Комитет бекітеді.

Кандидаттық емтихандардың бағалары он жыл бойына жарамды болады.

Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар ғылым докторы ғылыми дәрежесін ізденуші ғылым саласы бойынша (мамандықтар тобын ескере отырып) орындастын диссертациясының бейініне сәйкес келмейтін болса, диссертациясының мамандығы бойынша кандидаттық емтихан тапсыруы тиіс, ал кәсіптік жоғары білімі бар ізденуші орындалатын докторлық диссертациясының бейініне сай келмесе тиісті ғылым саласының жалпы курсы бойынша кандидаттық емтихан тапсырады.

**Ескерту: 13-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым**

министрлігінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 159 бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 маусымдағы N 535, 2007.10.17. N 485 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

14. Медицина ғылымдары бойынша диссертация қорғауға жоғары медициналық білімді маман біліктілігі немесе медицина магистры академиялық дәрежесі бар тұлғалар, мал дәрігерлігі ғылымдары бойынша - жоғары мал дәрігерлік білімді маман біліктілігі немесе мал дәрігерлігі магистры академиялық дәрежесі бар тұлғалар жіберіледі.

### **3. Диссертацияларды қорғауға ұсыну және қорғау**

15. Диссертация орындалған немесе ізденуші бекітілген үйым диссертацияны алдын ала сараптаудан өткізіп, автордың диссертацияда баяндалған ғылыми нәтижелерді алудағы нақты жеке өзінің қатысын, жүргізілген зерттеу нәтижелерінің негізділігінің дәрежесін, олардың жақалығы мен практикалық маңыздылығын, төлқұжатына диссертация сәйкес келетін мамандық атауын, диссертация материалдарының ізденушінің жарияланған еңбектерінде толық қамтылуын айқындайтын қорытынды береді.

Егер диссертациялық зерттеулер екі немесе одан да көп үйымда орындалған болса, онда олардың әрқайсысында немесе бірлескен мәжілісінде алдын ала талқылау өткізіліп, тиісті қорытындылар диссертациялық кеңеске берілуі қажет.

Қорытынды ізденушіге диссертация алдын ала сараптауға ұсынылған күннен кандидаттық диссертация үшін екі ай, докторлық диссертация үшін үш ай мерзімнен кешіктірілмей берілуі керек.

Ізденуші диссертациясын Комитеттің шешімімен құрылған кез келген диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынуға құқылы. Бұл ретте диссертацияның орындалған мамандығы диссертациялық кеңес бекітілген мамандыққа сәйкес болуы керек.

Диссертация орындалған немесе ізденуші бекітілген үйымда алдын ала диссертацияны сараптамадан өткізу тәртібін Комитет белгілейді.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 маусымдағы N 535 бұйрығымен.**

16. Диссертациялық кеңес диссертацияларды алдын ала қарауға және содан кейін қорғауға құжаттары Комитет бекіткен тізбе бойынша түгел болғанда қабылайды.

Диссертацияны алдын ала қарау рәсімі Диссертациялық кеңес туралы ережемен белгіленеді.

17. Диссертациялық кеңестер осы кеңес жұмыс істейтін ұйымдардың басшыларының (басшыларының орынбасарларының) диссертацияларын қарауға қабылдауға құқықсыз.

18. Диссертация мамандықтар түйісінде орындалып, ал докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі кеңеске олардың тек біреуі бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға құқық берілген жағдайда Комитет келісімімен бір жолғы қорғау өткізу мүмкін.

Сондай-ақ, бір жолғы диссертация қорғауға жеткілікті негіз болғанда Комитеттің келісімімен докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі кеңесте бар мамандыққа жақын, бірақ басқа кеңестерде жоқ бір мамандық бойынша да өткізу мүмкін.

Диссертацияларды бір жолғы қорғау докторлық диссертацияларды қабылдау құқығына ие кеңестерде ғана өткізіле алады.

Бір жолғы қорғау өткізу үшін кеңеске қосымша мүшелер енгізу тәртібі Диссертациялық кеңес туралы ережемен белгіленеді.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007.10.17. N 485 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен .**

19. Диссертациялық кеңес ізденуші барлық қажетті құжаттарды тапсырған күннен кейін кандидаттық диссертация үшін екі ай және докторлық диссертация үшін үш айдан кешіктірмей диссертацияны қорғауға қабылдайды немесе сол мерзімде Комитетке және ізденушіге диссертацияны қабылдаудан бас тарту туралы дәлелді қорытынды береді.

Диссертацияны қорғауға қабылдаудан бас тарту мәселесі бойынша диссертациялық кеңеске немесе Комитетке түсken апелляциялар белгіленген тәртіpte қаралады.

20. Кеңес рұқсатымен диссертациялар бойынша докторлық диссертация үшін екі баспа табаққа және кандидаттық диссертация үшін бір баспа табаққа дейінгі көлемде диссертация жазылған тілде қолжазба құқығында диссертациялардың авторефераты басылуы тиіс. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы докторлық және кандидаттық диссертациялар бойынша автореферат көлемі тиісінше 2,5 және 1,5 баспа табаққа дейін көбейтілуі мүмкін. Авторефераттың ресімделуі Комитет белгілеген талаптарға сәйкес болуы керек.

Авторефератта диссертацияның негізгі ойлары, нәтижелері мен қорытындылары баяндалып, жүргізілген зерттеуге автордың қосқан үлесі, жаңалық дәрежесі мен зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы көрсетілуі тиіс. Диссертацияның авторефераты диссертациялық кеңес белгілеген, бірақ кем дегенде 70 данамен басылады.

Автореферат диссертациялық кеңес мүшелеріне және мұдделі ұйымдарға

диссертация қорғаудан бір ай бұрын таратылады. Автореферат жіберілуге тиісті адресаттар тізімін диссертацияны қорғауға қабылдан алған диссертациялық кеңес анықтайды. Бұл тізімге диссертация саласы бойынша жұмыс істейтін өзге диссертациялық кеңестер, Қазақстан Республикасының ірі және арнаулы кітапханалары, мұдделі ұйымдар мен тиісті ғылым саласының жетекші ғалымдары, сондай-ақ тиісті диссертациялық зерттеулер жүргізілген ұйымдар енгізіледі.

Авторефераттар міндетті түрде жіберілетін ұйымдардың тізімін Комитет белгілейді.

Афторефераттарды жіберуді диссертациялық кеңестердің ғалым хатшылары қамтамасыз етеді және жіберілгендей туралы мәліметтердің растығына дербес жауап береді.

21. Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғауға қабылдағаннан кейін және кеңес авторефератты басуға рұқсат бергеннен кейін диссертация мен авторефераттың мәтініне түзетулер енгізуге жол берілмейді.

Корғауға қабылданған диссертацияның бір данасы мен авторефераттың екі данасын ізденуші қорғауға ең кемі бір ай қалғанға дейін диссертациялық кеңес құрылған ұйымның кітапханасына (біріккен кеңесте қорғаған жағдайда құрылтайшы-ұйымның әрқайсысының кітапханасына авторефераттың екі данасын) тапсырады, онда ол кеңес шешімін Комитет бекіткенге дейін қолжазба

құқығында сақталады.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007.10.17. N 485 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Б үйрыймен.**

22. Диссертациялық кеңестер диссертация бойынша тиісті мамандық пен ғылым саласының өздерінің келісімін берген, білікті ғалымдарының ішінен ресми оппоненттер тағайындалады, бұл ретте олардың тек біреуі ғана осы диссертациялық кеңестің мүшесі бола алады.

Докторлық диссертация бойынша тиісті мамандық пен ғылым саласы бойынша ғылым докторы дәрежесі бар үш ресми оппонент тағайындалады.

Кандидаттық диссертация бойынша тиісті мамандық пен ғылым саласы бойынша біреуі ғылым докторы, ал екіншісі ғылым докторы немесе кандидаты болып келетін екі ресми оппонент тағайындалады.

Ресми оппоненттерді диссертациялық кеңес белгілей алмаған жағдайда, оларды Комитет тағайындаі алады.

**Ескерту: 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004.03.01. N 159, 2007.10.17. N 485 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Б үйрыйтарымен .**

23. Комитет Төралқасының, сараптау кеңестерінің мүшелері мен Комитет, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аппаратының қызметкерлері, диссертацияны қоргауға қабылдаған диссертациялық кеңестердің төрағалары, төрағаларының орынбасарлары мен ғалым хатшылары, ізденушінің ғылыми жетекшілері (кеңесшілері), диссертация тақырыбы бойынша жарияланған еңбектерінің телавторлары, сондай-ақ диссертациялық жұмыс дайындалған немесе ізденуші қызмет ететін жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың басшылары, сонымен қатар ізденуші тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірге орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан кафедралардың, лабораториялардың, секторлардың, бөлімдердің қызметкерлері ресми оппонент бола алмайды. Ресми оппоненттер әр түрлі ұйымдардың қызметкерлері болуы керек және жетекші ұйымның қызметкерлері болмауы тиіс.

24. Ресми оппонент диссертация мен оның тақырыбы бойынша жарияланған еңбектерді зерттеудің нәтижесінде диссертациялық кеңеске таңдалған тақырыптың өзектілігі, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, қорытындылар мен ұсыныстардың негізделу дәрежесі, олардың жаңалығы бағаланған жазбаша пікірін тапсырады, сондай-ақ диссертацияның осы Ережелердің талаптарына сәйкестілігі туралы қорытынды береді.

Ресми оппоненттердің пікірлерінің көшірмесі ізденушіге диссертациясының қорғалуынан кем дегенде 10 күн бұрын беріледі.

Диссертациялық кеңес ресми оппоненттің пікірлері көрсетілген талаптарға сай келмеген жағдайда қайта өндөу үшін оны қайтарып беруге, болмаса диссертация қорғалатын күннен кем дегенде 10 күн бұрын Комитетті хабардар ете отырып, ресми оппонентті ауыстыруға құқылы.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007.10.17. № 485 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Б Ұйрығымен.**

25. Диссертациялық кеңестер диссертациялар бойынша қорғалатын диссертацияның мамандығы бойынша кемінде екі ғылым докторы жұмыс істейтін тиісті саладағы жетістіктерімен кеңінен танымал жетекші ұйымдарды (ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-өндірістік, өндірістік ұйымдар мен жоғары оқу орындары) тағайындаиды.

Жетекші ұйымның пікірінде диссертация авторының қол жеткізген нәтижелерінің ғылым мен практика үшін маңыздылығы көрсетіледі. Сонымен бірге, пікірде диссертацияның нәтижелері мен қорытындыларын пайдалану туралы нақты ұсыныстардың болуы шарт.

Жетекші ұйым пікірінің көшірмесі ізденушіге диссертация қорғалардан ең кемі 10 күн бұрын беріледі.

Диссертациялық кеңес жетекші ұйымның пікірі көрсетілген талаптарға сай  
келмese оны қайтарып беруге, немесе диссертация қорғалатын қүннен кем  
дегенде 10 күн бұрын Комитетті хабардар ете отырып, жетекші ұйымды  
ауыстыруға  
К ұ қ ы л ы .

**ЕскеRTУ. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің  
2007.10.17. N 485 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Б  
ұйрығымен.**

26. Кеңес ізденушінің тілегі бойынша теріс пікірлер мен қорытындылардың  
болғанына қарамастан диссертация қорғауды тағайындауға міндettі.

27. Докторлық диссертация қорғау 11-тармақ талаптарына сәйкес  
диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері баяндалған ізденушінің жұмыстары  
жарияланған соң ең кемі үш айдан, ал кандидаттық диссертация қорғау ең кемі  
екі айдан кейін өткізуі мүмкін.

28. Диссертациялық кеңестің мәжілісі, егер оның жұмысына ресми  
оппоненттер және кеңес құрамының кемінде үштен екісі, қорғалатын докторлық  
диссертациясының әр мамандығы бойынша кеңес мүшелерінен кемінде үш  
ғылым докторы және қорғалатын кандидаттық диссертацияның әр мамандығы  
бойынша кемінде екі ғылым докторы міндettі түрде қатысса, құқықты болып  
саналады .

Диссертациялық кеңестің ғылыми дәреже беру мәселесі туралы шешімі  
мәжіліске қатысып отырған кеңес мүшелерінің ең кемінде үштен екісі дауыс  
берсе қабылданды деп есептеледі.

29. Көпшілік алдында диссертация қорғау ғылыми пікірсайыс сипатында  
булуға тиіс және жоғары талапшылдық, принципшілік пен ғылыми этика  
нормаларын сақтау жағдайында өткізулиге тиіс, сонымен бірге диссертацияда  
баяндалған ғылыми және практикалық сипаттағы барлық нәтижелер,  
қорытындылар мен ұсыныстардың жаңалығы, негізділігі барынша байыпты  
тұрғыдан  
талдануы  
ке ре к .

Ресми оппоненттер диссертация қорғауға қатысуға міндettі. Ерекше жағдай  
ретінде, диссертация бойынша оң пікір білдірген ресми оппоненттердің тек  
біреуі дәлелді себептермен кеңес мәжілісіне қатыса алмаған жағдайда докторлық  
диссертация қорғауды өткізуге рұқсат етіледі. Мұндайда диссертациялық  
кеңестің мәжілісіне келе алмаған ресми оппоненттің пікірі толығымен жария  
етіледі .

Кеңес мәжілісіне оппоненттердің біреуі келмей қалса да кандидаттық  
диссертация қорғауды өткізуге тыйым салынады.

30. Диссертация қорғау аяқталғаннан кейін диссертациялық кеңес ғылыми  
дәреже беру туралы мәселе бойынша жасырын дауыс беруді өткізеді.

Есеп комиссиясының хаттамасы мәжіліске қатысқан диссертациялық кеңес

мүшелерінің ашық дауыс беруімен жәй көпшілік дауыспен бекітіледі.

Диссертация қорғау жөніндегі кеңес мәжілісін өткізу рәсімі, сонымен бірге жасырын дауыс беру және есеп комиссиясының жұмыс тәртібі Диссертациялық кеңес туралы ережеде белгіленеді.

31. Ғылыми дәреже беру жөнінде дауыс беру нәтижесі оң болған жағдайда, кеңес ашық дауыс беру арқылы диссертация бойынша қорытынды қабылдайды, онда ізденушінің жеке өзі қол жеткізген ең елеулі ғылыми нәтижелері, олардың негізділігі мен жаңалығының бағасы, олардың теория және практика үшін мәні, диссертациялық зерттеудің нәтижелерін пайдалану жайындағы ұсыныстары айқындалуы қажет, сондай-ақ диссертацияның осы Ережелердің 8 немесе 9-тармақтарының қайсысы бойынша бағаланғаны көрсетілуі тиіс.

Қорытындының көшірмесі ізденушіге өзінің өтініші бойынша бір ай мерзімде беріледі.

32. Диссертация қорғау нәтижелері бойынша оң шешім қабылданған жағдайда, диссертациялық кеңес диссертация қорғалғаннан кейін бір ай мерзімінде диссертацияның, мәжілістің және ізденушінің аттестациялық ісінің бірінші даналарын Комитетке жібереді. Аттестациялық іс құжаттарының екінші даналары диссертациялық кеңес құрылған үйімда он жыл бойы сақталады. Ізденушілердің аттестациялық істерінің құжаттарының тізімі мен олардың ресімделу тәртібін Комитет белгілейді.

**Ескерту: 32-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005.04.12. N 234, 2007.10.17. N 485 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Б ұйрықтарымен.**

33. Диссертациялық кеңес теріс шешім қабылдаған жағдайда ізденушіге тиісті құжаттарын қайтару және диссертация қорғау нәтижесі туралы Комитетке хабарлау тәртібі Диссертациялық кеңес туралы ережеде белгіленеді.

Қорғау нәтижесінде кеңес теріс шешім қабылдаған диссертация сол шешім шығарылғаннан бір жылдан соң өндөлген күйде қайта қорғауға ұсынылуы мүмкін. Теріс шешімді Комитет шығарған жағдайда да дәл осылай диссертацияны қайта қорғауға ұсынуға болады. Қайта қорғауға Комитеттің рұқсаты қажет емес. Қайта қорғау кезінде ресми оппоненттер мен жетекші үйім толығымен ауыстырылуға тиіс.

34. Ғылыми дәреже берілген ізденушілердің диссертацияларын Комитет авторефераттарының бір данасымен бірге белгіленген тәртіп бойынша тұрақты сақтау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасына береді.

#### **4. Диссертациялардың Комитетте қаралуы**

35. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.03.31 № 127 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

36. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.03.31 № 127 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

37. Ізденушінің аттестациялық іс құжаттарына техникалық сипаттағы түзетулер енгізу тек Комитеттің рұқсатымен жүзеге асады.

38. Алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007.10.17. N 485 (қолданысқа енгізу тәртібін 4-тармақтан қаранды) Бұйрығымен.

39. Диссертация қорғау рәсімі бұзылған жағдайда (оппоненттердің біреуі жоқ болғанда, оппоненттер мен жетекші ұйым дұрыс таңдалмағанда), сондай-ақ стенограмма талқылаудың шынайы жүрісіне сәйкес келмегендеге Комитет диссертацияны қайта қорғауға жіберуге құқылы. Қайта қорғауға ұсыну Комитет шешім қабылдағаннан 3 айдан кейін өтуі мүмкін және ондайда қайта қорғауға әкеп соқтырған кемшіліктер міндепті түрде түзетілуі тиіс.

40. Осы Ережелердің талаптары бұзылғандығын анықтаған жағдайда Комитет диссертациялық кеңестердің шешімінің күшін жойып, кең басшылығы мен мүшелерін ауыстыруы, диссертациялық кеңестердің қызметін уақытша тоқтатуы немесе біржола доғаруы мүмкін, сондай-ақ әр түрлі мерзімге ғылыми жетекшілік жасау және оппоненттік ету құқынан айырып, Жетекші ұйымдар тізбесінен шығарып тастай алады.

41. Ғылыми дәреже беру жөніндегі құжаттар Комитет белгілеген тізбеге сәйкес мемлекеттік немесе орыс тілінде тапсырылады.

## **5. Дипломдарды ресімдеу және беру**

42. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.03.31 № 127 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

43. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.03.31 № 127 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

44. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.03.31 № 127 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

## **6. Жоғары білікті кадрларды қайта аттестаттау**

45. Қазақстан Республикасында тек Комитет берген ғылым докторы және кандидаты дипломдары танылады.

Басқа елдердің мемлекеттік аттестаттау органдары берген ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежелері бар Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелдіктерді және азаматтығы жоқ тұлғаларды қайта аттестаттауды олар жұмыс істейтін ұйымның немесе өздерінің жеке өтінішімен

бірге Комитет белгілеген тізбе бойынша құжаттарын ұсынған жағдайда Комитет жүргізеді.

46. Мемлекеттік емес ұйымдар ғылыми дәреже берген тұлғаларға қайта аттесттау жасалмайды.

Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 маусымдағы N 535 бұйрығымен.

47. Қайта аттесттауға ұсынылып, Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялық жұмыс қайта өндөлгеннен кейін, Комитет белгілейтін диссертациялық кеңесте жалпы негізде қарауға қабылдануы мүмкін.

## 7. Апелляцияларды қарау

48. Ұйымдар, ізденушілер және басқа тұлғалар шешім қабылданған күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей диссертация қорғаған кеңеске және Комитетке диссертациялық кеңестердің ғылыми дәрежелер беру мәселелері жөніндегі шешімдеріне апелляция (шешімдерге шағым) бере алады. Диссертациялық кеңес апелляцияны Диссертациялық кеңес туралы ережеде белгіленген тәртіппен екі ай мерзім ішінде қарауға тиіс.

Диссертациялық кеңестің қорытындысы мен апелляцияны қарау жөніндегі басқа да материалдар диссертациялық кеңестің мәжілісінен кейін 10 күнде Комитетке жіберіледі.

49. Диссертациялық кеңестердің ғылыми дәрежелер беру мәселелері жөніндегі шешімдеріне берілген апелляциялар бойынша шешімді диссертациялық кеңестердің апелляцияларды қараған материалдары мен сараптау кеңестерінің қорытындыларын ескере отырып Комитет қабылдайды.

50. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011.03.31 № 127 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

51. Комитеттің апелляция жөніндегі тұпкілікті шешімі шағымданушыға (шағымданушыларға) хабарланады.

Комитеттің Төралқасы мен аппеляциялық комиссиясының шешіміне қайта апелляция қабылданбайды.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007.10.17. N 485 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.